# «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамы

## Аралық қысқартылған қаржылық есептілік

*2017 жылдың 30 маусымында аяқталған алты айлық кезең үшін аралық қаржылық ақпаратты шолып тексерудің нәтижелері жөніндегі есеппен бірге*

# МАЗМҰНЫ

## АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ АҚПАРАТТЫ ШОЛЫП ТЕКСЕРУДІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕП

## АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

Қаржылық жағдай туралы аралық қысқартылған есеп....1
Пайда мен зияндар туралы аралық қысқартылған есеп....2
Жиынтық кіріс туралы аралық қысқартылған есеп....3
Капиталдағы өзгерістер туралы аралық қысқартылған есеп....4
Ақша қаражатының қозғалысы туралы аралық қысқартылған есеп....5-6

## АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЖЕКЕЛЕГЕН ЕСКЕРТПЕЛЕР

1. Қызметінің сипаты....7
2. Қаржылық есептілікті дайындаудың негізгі қағидаттары....7
3. Маңызды есептік пайымдаулар мен бағалаулар....8
4. Ақша қаражаты мен оның баламалары....8
5. Несиелік ұйымдардағы қаражат....9
6. Клиенттерге берілген несиелер....9
7. Өтеуге дейін ұсталатын инвестициялық бағалы қағаздар....10
8. Инвестициялық жылжымайтын мүлік....11
9. Негізгі құралдар....12
10. Материалдық емес активтер....13
11. Басқа да активтер....13
12. Акционердің алдындағы берешек....14
13. Қазақстан Республикасы Үкіметінің алдындағы берешек....15
14. Мемлекеттік және бюджеттік ұйымдардың алдындағы берешек....15
15. Шығарылған борыштық бағалы қағаздар....16
16. Басқа да міндеттемелер....16
17. Капитал....17
18. Корпоративтік табыс салығы....19
19. Қызметкерлер құрамының шығыстары және өзге операциялық шығыстар....19
20. Шарттық және шартты міндеттемелер....19
21. Қаржы құралдарының әділ құны....21
22. Байланысты тараптармен операциялар....23
23. Капитал жеткіліктігі....24
24. Аралық кезең аяқталғаннан кейінгі оқиғалар....25

«Эрнст энд Янг» ЖШС
Әл-Фараби д-лы, 77/7
«Есентай Тауэр» ғимараты
Алматы қ., 050060
Қазақстан Республикасы
Тел.: +7 727 258 5960
Факс: +7 727 258 5961
www.ey.com

ТОО «Эрнст энд Янг»
пр. Аль-Фараби, 77/7
здание «Есентай Тауэр»
г. Алматы, 050060
Республика Казахстан
Тел.: +7 727 258 5960
Факс: +7 727 258 5961

Ernst & Young LLP
Al-Farabi ave., 77/7
Esentai Tower
Almaty, 050060
Republic of Kazakhstan
Tel.: +7 727 258 5960
Fax: +7 727 258 5961

# Аралық қаржылық ақпаратты шолып тексерудің нәтижелері жөніндегі есеп

«Аграрлық Несие Корпорациясы» акционерлік қоғамы
Акционері мен Директорлар кеңесіне

***Кіріспе***

Біз «Аграрлық Несие Корпорациясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - «Корпорация») қоса беріліп отырған аралық қысқартылған қаржылық есептілігіне шолып тексеруді жүргіздік, әрі ол 2017 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы аралық қысқартылған есептен, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған алты ай үшін пайда мен зияндар туралы, жиынтық кіріс туралы, капиталдағы өзгерістер туралы және ақша қаражатының қозғалысы туралы тиісті аралық қысқартылған есептерден, сондай-ақ іріктелген түсіндірме ескертпелерден (бұдан әрі - «аралық қаржылық ақпарат») тұрады.

Басшылық *«Аралық қаржылық есептілік» 34 (IAS)* Халықаралық қаржылық есептілік стандартына сәйкес осы аралық қаржылық ақпаратты дайындау және оны ұсыну үшін жауапкершілік көтереді. Біздің жауапкершілігіміз жүргізілген шолып тексеруіміздің негізінде осы аралық қаржылық ақпарат жөнінде тұжырымды қалыптастыру болып табылады.

***Шолып тексерудің көлемі***

Біз шолып тексеруді 2410 «Ұйымның тәуелсіз аудиторы орындайтын аралық қаржылық ақпаратты шолып тексеру» шолып тексерулердің Халықаралық стандартына сәйкес жүргіздік. Аралық қаржылық ақпаратты шолып тексеруге ең алдымен қаржы мәселелері мен бухгалтерлік есеп мәселелеріне жауапты тұлғаларға сұратуларды жолдау, сондай-ақ шолып тексеруге жататын талдау және өзге де рәсімдерді қолдану кіреді. Шолып тексерудің көлемі Халықаралық аудит стандартына сәйкес жүргізілетін аудит көлемінен айтарлықтай аз болады және сондықтан шолып тексеру аудит процесінде анықталуы мүмкін барлық маңызды мәселелер бізге мәлім болатындығына сенімді болуымызға мүмкіндік бермейді. Тиісінше, біз аудиторлық пікірімізді білдірмейміз.

Building a better working world

*Тұжырым*

Жүргізілген шолып тексеруіміздің негізінде қоса беріліп отырған аралық қаржылық ақпараты барлық елеулі аспектілерде «Аралық қаржылық есептілік» 34 (IAS) Халықаралық қаржылық есептілік стандартына сәйкес дайындалмады деп пайымдауға болатындай негіздеме ретінде болуы мүмкін фактілер анықталмады.

*„Эрнст энд Янг" ЖШС*

Бахтиёр Эшонкулов
Аудитор / Аудит жөніндегі партнер

Аудитордың 2012 жылғы 27 тамыздағы
№ МФ-0000099 біліктілік куәлігі

Гульмира Турмагамбетова
«Эрнст энд Янг» ЖШС-тің
Бас директоры

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі 2005 жылғы 15 шілдеде берген сериясы МФЮ-2 № 0000003 болатын Қазақстан Республикасының аумағында аудиторлық қызметпен айналысуға арналған мемлекеттік лицензия

050060, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
Әл-Фараби даңғылы, 77/7, «Есентай Тауэр» ғимараты

2017 жылғы 8 қыркүйек

# ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЕСЕП

## 2017 жылдың 30 маусымына

*(мың теңгемен)*

| | Ескер. | 2017 жылдың 30 маусымына (аудит жүргізілмеген) | 2016 жылдың 31 желтоқсанына |
|---|---|---|---|
| **Активтер** | | | |
| Ақша қаражаты мен оның баламалары | 4 | **36.136.340** | 30.072.378 |
| Несиелік ұйымдардағы қаражат | 5 | **44.213.256** | 26.053.315 |
| Клиенттерге берілген несиелер | 6 | **186.883.883** | 135.725.198 |
| Сатуға арналған активтер | | **413.346** | – |
| Өтеуге дейін ұсталатын инвестициялық бағалы қағаздар | 7 | **20.970.247** | 23.306.474 |
| Инвестициялық жылжымайтын мүлік | 8 | **343.163** | 348.631 |
| Негізгі құралдар | 9 | **195.447** | 208.369 |
| Материалдық емес активтер | 10 | **236.819** | 193.681 |
| Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша активтер | | **–** | 205.713 |
| Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша активтер | 18 | **753.579** | 1.459.287 |
| Басқа да активтер | 11 | **635.438** | 795.526 |
| **Активтер жиыны** | | **290.781.518** | 218.368.572 |
| **Міндеттемелер** | | | |
| Акционердің алдындағы берешек | 12 | **13.371.099** | 13.361.704 |
| Қазақстан Республикасы Үкіметінің алдындағы берешек | 13 | **60.002.100** | – |
| Мемлекеттік және бюджеттік ұйымдардың алдындағы берешек | 14 | **7.722.233** | 2.192.352 |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар | 15 | **51.703.352** | 51.648.620 |
| Қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері | | **261.103** | 171.045 |
| Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша міндеттемелер | | **276.504** | – |
| Басқа да міндеттемелер | 16 | **711.216** | 622.563 |
| **Міндеттемелер жиыны** | | **134.047.607** | 67.996.284 |
| **Капитал** | | | |
| Жарғылық капитал | 17 | **158.630.371** | 158.630.371 |
| Қосымша төленген капитал | 17 | **10.245.969** | 6.831.528 |
| Резервтік капитал | 17 | **2.546.627** | 1.086.111 |
| Шартты бөлу резерві | 17 | **(16.449.271)** | (15.008.072) |
| Бөлінбеген пайда / (жинақталған зиян) | | **1.760.215** | (1.167.650) |
| **Капитал жиыны** | | **156.733.911** | 150.372.288 |
| **Міндеттемелер мен капитал жиыны** | | **290.781.518** | 218.368.572 |
| **Бір жай акцияның баланстық құны (теңгемен)** | 17 | **986,55** | 946,72 |

**Корпорация Басқармасы атынан қол қойылды және шығаруға бекітілді**

Н.К. Сарыбаев — Басқарма Төрағасы

И.Н. Зайтуллаева — Бас бухгалтер

2017 жылғы 8 қыркүйек

*7-25 бет аралығындағы қоса берілген жекелеген ескертпелер осы аралық қысқартылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады*

# ПАЙДА МЕН ЗИЯНДАР ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЕСЕП

## 2017 жылдың 30 маусымында аяқталған алты айлық кезең үшін

*(мың теңгемен)*

| | Ескер. | *30 маусымда аяқталған алты айлық кезең үшін* 2017 жыл (аудит жүргізілмеген) | 2016 жыл (аудит жүргізілмеген) |
|---|---|---|---|
| **Пайыздық кірістер** | | | |
| Клиенттерге берілген несиелер | | **7.792.597** | 6.401.525 |
| Ақша қаражаты мен оның баламалары | | **2.431.611** | 960.124 |
| Несиелік ұйымдардағы қаражат | | **1.785.455** | 546.790 |
| Өтеуге дейін ұсталатын инвестициялық бағалы қағаздар | | **1.534.134** | – |
| | | **13.543.797** | 7.908.439 |
| **Пайыздық шығыстар** | | | |
| Акционердің алдындағы берешек | | **(464.293)** | (947.542) |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар | | **(2.182.073)** | (1.391.913) |
| Мемлекеттік және бюджеттік ұйымдардың алдындағы берешек | | **(192.528)** | (98) |
| Қазақстан Республикасы Үкіметінің алдындағы берешек | | **(2.100)** | – |
| | | **(2.840.994)** | (2.339.553) |
| **Таза пайыздық кіріс** | | **10.702.803** | 5.568.886 |
| Пайыздық кірістерді әкелетін активтердің құнсыздану резерві | 5, 6 | **(2.184.143)** | (2.184.691) |
| **Құнсыздану резервін шегере отырып таза пайыздық кіріс** | | **8.518.660** | 3.384.195 |
| Шетел валютасындағы операциядан болған таза зиян | | **(411)** | (115) |
| Басқа да кірістер | | **137.826** | 134.543 |
| Басқа да шығыстар | | **(26.223)** | (26.704) |
| **Пайыздық емес кірістер** | | **111.192** | 107.724 |
| Қызметкерлер құрамының шығыстары | 19 | **(1.028.243)** | (905.851) |
| Басқа да операциялық шығыстар | 19 | **(615.722)** | (645.454) |
| **Пайыздық емес шығыстар** | | **(1.643.965)** | (1.551.305) |
| **Корпоративтік табыс салығының шығыстарына дейінгі пайда** | | **6.985.887** | 1.940.614 |
| Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар | 18 | **(1.136.990)** | (941.198) |
| **Есепті кезеңдегі пайда** | | **5.848.897** | 999.416 |
| **Акцияға базалық және бөлінген пайда (теңгемен)** | | **36,87** | 10,49 |

**Корпорация Басқармасы атынан қол қойылды және шығаруға бекітілді**

Н.К. Сарыбаев — Басқарма Төрағасы

И.Н. Зайтуллаева — Бас бухгалтер

2017 жылғы 8 қыркүйек

*7-25 бет аралығындағы қоса берілген жекелеген ескертпелер осы аралық қысқартылған қаржылық есептіліктің ажыратылмас бөлігі болып табылады*

# ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЕСЕП

## 2017 жылдың 30 маусымында аяқталған алты айлық кезең үшін

*(мың теңгемен)*

| | | 30 маусымда аяқталған алты айлық кезең үшін | |
|---|---|---|---|
| | Ескер. | 2017 жыл (аудит жүргізілмеген) | 2016 жыл (аудит жүргізілмеген) |
| **Есепті кезеңдегі пайда** | | **5.848.897** | 999.416 |
| Есепті кезеңдегі басқа да жиынтық кіріс | | – | – |
| **Есепті кезеңдегі жиынтық кіріс жиыны** | | **5.848.897** | 999.416 |

**Корпорация Басқармасы атынан қол қойылды және шығаруға бекітілді**

Н.К. Сарыбаев Басқарма Төрағасы

И.Н. Зайтуллаева Бас бухгалтер

2017 жылғы 8 қыркүйек

*7-25 бет аралығындағы қоса берілген жекелеген ескертпелер осы аралық қысқартылған қаржылық есептіліктің ажыратылмас бөлігі болып табылады*

# КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЕСЕП

## 2017 жылдың 30 маусымында аяқталған алты айлық кезең үшін

*(мың теңгемен)*

| | *Жарғылық капитал* | *Қосымша төленген капитал* | *Резервтік капитал* | *Шартты бөлу резерві* | *(Жинақталған зиян)/ бөлінбеген пайда* | *Жиыны* |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **2016 жылдың 1 қаңтарына** | 94.227.371 | 5.291.347 | 1.086.111 | (8.594.957) | (3.546.018) | 88.463.854 |
| Есепті кезеңдегі жиынтық кіріс жиыны (аудит жүргізілмеген) | – | – | – | – | 999.416 | 999.416 |
| Салықты шегере отырып, Акционерден әділ құны бойынша алынған қарыздарды бастапқы мойындаудан түскен кіріс (аудит жүргізілмеген) *(17-ескертпе)* | – | (17) | – | – | – | (17) |
| Салықты шегере отырып, кезенде шартты бөлу бойынша резерв (аудит жүргізілмеген) *(17-ескертпе)* | – | – | – | (1.448.760) | – | (1.448.760) |
| Жарғылық капиталды ұлғайту (аудит жүргізілмеген) *(17-ескертпе)* | 15.365.000 | – | – | – | – | 15.365.000 |
| Жарияланған дивидендтер (аудит жүргізілмеген) *(17-ескертпе)* | – | – | – | – | (542.664) | (542.664) |
| **2016 жылдың 30 маусымына (аудит жүргізілмеген)** | 109.592.371 | 5.291.330 | 1.086.111 | (10.043.717) | (3.089.266) | 102.836.829 |
| | | | | | | |
| **2017 жылдың 1 қаңтарына** | **158.630.371** | **6.831.528** | **1.086.111** | **(15.008.072)** | **(1.167.650)** | **150.372.288** |
| Есепті кезеңдегі жиынтық кіріс жиыны (аудит жүргізілмеген) | – | – | – | – | **5.848.897** | **5.848.897** |
| Салықты шегере отырып, Акционерден әділ құны бойынша алынған қарыздарды бастапқы мойындаудан түскен кіріс (аудит жүргізілмеген) *(17-ескертпе)* | – | **3.414.441** | – | – | – | **3.414.441** |
| Салықты шегере отырып, шартты бөлу бойынша резерв (аудит жүргізілмеген) *(17-ескертпе)* | – | – | – | **(1.441.199)** | – | **(1.441.199)** |
| Резервтік капиталды ұлғайту (аудит жүргізілмеген) *(17-ескертпе)* | – | – | **1.460.516** | – | **(1.460.516)** | – |
| Жарияланған дивидендтер (аудит жүргізілмеген) *(17-ескертпе)* | – | – | – | – | **(1.460.516)** | **(1.460.516)** |
| **2017 жылдың 30 маусымына (аудит жүргізілмеген)** | **158.630.371** | **10.245.969** | **2.546.627** | **(16.449.271)** | **1.760.215** | **156.733.911** |

**Корпорация Басқармасы атынан қол қойылды және шығаруға бекітілді**

Н.К. Сарыбаев — Басқарма Төрағасы

И.Н. Зайтуллаева — Бас бухгалтер

2017 жылғы 8 қыркүйек

*7-25 бет аралығындағы қоса берілген жекелеген ескертпелер осы аралық қысқартылған қаржылық есептіліктің ажыратылмас бөлігі болып табылады*

# АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЕСЕП

## 2017 жылдың 30 маусымында аяқталған алты айлық кезең үшін

*(мың теңгемен)*

| | Ескер. | 30 маусымда аяқталған алты айлық кезең үшін | |
|---|---|---|---|
| | | **2017 жыл (аудит жүргізілмеген)** | **2016 жыл (аудит жүргізілмеген)** |
| **Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы** | | | |
| Алынған пайыздық кірістер | | **11.057.516** | 5.713.227 |
| Төленген пайыздық шығыстар | | **(2.423.954)** | (1.302.477) |
| Туынды қаржы құралдары бойынша іске асырылған таза кіріс | | **–** | 79.862 |
| Шетел валютасындағы операциядан іске асырылған таза зиян | | **(411)** | (115) |
| Қызметкерлерге төленген шығыстар | | **(980.978)** | (879.617) |
| Басқа да төленген операциялық шығыстар | | **(545.079)** | (541.671) |
| **Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістерге дейінгі операциялық қызметтен түскен ақша ағымдары** | | **7.107.094** | 3.069.209 |
| *Операциялық активтердің таза (көбеюі)/азаюы* | | | |
| Клиенттерге берілген несиелер | | **(50.855.177)** | (51.321.733) |
| Несиелік ұйымдардағы қаражат | | **(19.679.870)** | (4.996.309) |
| Басқа да активтер | | **(240.748)** | 58.124 |
| *Операциялық міндеттемелердің таза азаюы* | | | |
| Басқа да міндеттемелер | | **(12.547)** | (98.766) |
| **Корпоративтік табыс салығына дейінгі операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза пайдаланылуы** | | **(63.681.248)** | (53.289.475) |
| Төленген корпоративтік табыс салығы | | **(477.638)** | (189.529) |
| **Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза пайдаланылуы** | | **(64.158.886)** | (53.479.004) |
| **Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы** | | | |
| Өтеуге дейін ұсталатын бағалы қағаздарды өтеуден түскен түсімдер | | **295.077.907** | – |
| Өтеуге дейін ұсталатын бағалы қағаздарды сатып алу | | **(292.791.402)** | – |
| Негізгі құралдарды сатып алу | 9 | **(20.664)** | (8.988) |
| Материалдық емес активтерді сатып алу | 10 | **(29.600)** | (8.163) |
| **Инвестициялық қызметте ақша қаражатының таза түсуі/ (пайдаланылуы)** | | **2.236.241** | (17.151) |

*7-25 бет аралығындағы қоса берілген жекелеген ескертпелер осы аралық қысқартылған қаржылық есептіліктің ажыратылмас бөлігі болып табылады*

# АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

| | | *30 маусымда аяқталған алты айлық кезең үшін* | |
|---|---|---|---|
| | *Ескер.* | *2017 жыл (аудит жүргізілмеген)* | *2016 жыл (аудит жүргізілмеген)* |
| **Қаржы қызметінен түскен ақша қаражатының қозғалысы** | | | |
| Жарғылық капиталды ұлғайтудан түскен түсімдер | 17 | – | 15.365.000 |
| Қазақстан Республикасы Үкіметінен қарыз қаражатын тартудан түскен түсімдер | 13 | **60.000.000** | – |
| Акционерден қарыз қаражатын тартудан түскен түсім | | **–** | 41.112.269 |
| Акционерден қарыз қаражатын өтеу | | **(888.542)** | (13.992.315) |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар | | **–** | 22.826.050 |
| Мемлекеттік және бюджеттік ұйымдардан қарыз қаражатын тартудан түскен түсім | | **9.740.174** | – |
| Мемлекеттік және бюджеттік ұйымдардан алынған қарыз қаражатын өтеу | | **(134.767)** | – |
| Дивидендтерді төлеу | 17 | **(730.258)** | – |
| **Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының таза түсімі** | | **67.986.607** | 65.311.004 |
| **Есепті кезеңдегі ақша қаражаты мен оның баламаларының таза ұлғаюы** | | **6.063.962** | 11.814.849 |
| Кезең басындағы ақша қаражаты мен оның баламалары | | **30.072.378** | 7.414.124 |
| **Кезең соңындағы ақша қаражаты мен оның баламалары** | 4 | **36.136.340** | 19.228.973 |
| **Ақшалай емес операциялар** | | | |
| Материалдық емес активтерді басқа активтерден аудару | 10 | **45.000** | – |

**Корпорация Басқармасы атынан қол қойылды және шығаруға бекітілді**

Н.К. Сарыбаев — Басқарма Төрағасы

И.Н. Зайтуллаева — Бас бухгалтер

2017 жылғы 8 қыркүйек

*(мың теңгемен)*

## 1. Қызметінің сипаты

«Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Корпорация») Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционерлік қоғам нысанында Қазақстан Республикасы Үкіметінің *«Аграрлық секторды несиелеу мәселелері туралы»* 2001 жылғы 25 қаңтардағы № 137 қаулысына сай құрылды. Корпорация өз қызметін Қазақстан Республикасының банк заңнамасымен көзделген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жанындағы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау комитеті берген 2013 жылғы 5 қарашадағы № 5.2.24 операцияларды жүргізуге арналған лицензияның негізінде жүзеге асырады. Корпорация қызметін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – «ҚРҰБ») реттейді.

Корпорацияның негізгі қызметінің мақсаты ауыл шаруашылығының секторын қолдау бойынша үкіметтік бағдарламаларды іске асыру, агроөнеркәсіптік кешенде өз жобаларын іске асыру үшін отандық және шетелдік инвестицияларды тарту, агроөнеркәсіптік кешенде жобаларды әзірлеу және іске асыру, кепіл мүлкін және берілген қаражатты өтеу есебінен алынған ауыл шаруашылығы өнімін өткізу, тиісті лицензияның негізінде банктік қарыз операцияларын жүзеге асыру, лизинг қызметін жүзеге асыру, Жарғыда көзделген, Корпорацияның мақсаттары мен міндеттеріне жауап беретін, заңнамалық актілермен тыйым салынбаған өзге де қызмет түрлері болып табылады.

Корпорацияның қаржыландыру қызметінде қаражатты пайдалану бойынша айрықша талаптар мен шектеулер көзделген. Ұсынылған несиелер бойынша пайыздық мөлшерлеме Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығын дамыту бағдарламаларын іске асырумен байланысты нарықтық мөлшерлемеден төмен болып табылады.

2017 жылғы 30 маусымдағы және 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдинг» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «ҚазАгро» немесе «Акционер») Корпорацияның жай акцияларының 100%-на иелік етеді. Қазақстан Республикасының Үкіметі Корпорацияның түпкі бақылаушы тарабы болып табылады.

2017 жылғы 30 маусымға және және 2016 жылғы 31 желтоқсанға Корпорацияның Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген 13 филиалы бар.

Корпорацияның тіркелген кеңсежайы мына мекенжайда орналасқан: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Иманов көшесі, 11.

## 2. Қаржылық есептілікті дайындаудың негізгі қағидаттары

2017 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айлық кезең үшін осы аралық қысқартылған қаржылық есептілік 34 (бұдан әрі – «ХҚЕС (IAS)» *«Аралық қаржылық есептілік»* Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес дайындалды.

Аралық қысқартылған қаржылық есептілікке жылдық қаржылық есептілікте ашылып көрсетілуі тиіс барлық мәліметтер мен деректер кірмейді және 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Корпорацияның жылдық қаржылық есептілігімен бірге қарастырылуы тиіс.

### Есеп саясатындағы өзгерістер

Аралық қысқартылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде қабылданған есепке алу қағидаттары, 2017 жылдың 1 қаңтарынан бастап төменде сипатталған жаңа стандарттардың қолданылуын қоспағанда, 2016 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін Корпорацияның жылдық қаржылық есептілігін дайындау кезінде қолданылған қағидаттарға сәйкес келеді. Корпорация шығарылған, бірақ күшіне енбеген стандарттарды, түсіндірмелерді немесе соларға түзетулерді мерзімінен бұрын қолданбады.

Көрсетілген стандарттар мен түзетулердің алғаш рет 2017 жылы қолданылғанына қарамастан, олар Корпорацияның аралық қысқартылған қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер етпеді. Әрбір жеке стандарт пен түзетудің мәні және әсері мынадай:

*«Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп» – Ақпаратты ашып көрсету аясындағы бастама 7 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер*

Бұл түзетулерге сай ұйымдар, ақша ағындарымен негізделген өзгерістерді, сол сияқты солармен негізделмеген өзгерістерді (мысалға, валюта бағамдарының оң немесе теріс айырмалары) қоса алғанда, қаржылық қызметпен негізделген міндеттемелердегі өзгерістер туралы ақпаратты ашып көрсетеді. Мұндай түзетулерді алғаш рет қолданған кезде ұйымдар алдыңғы кезеңдер үшін салыстырмалы ақпаратты ұсынуға міндетті емес. Аралық қысқартылған қаржылық есептілікте қосымша ақпараттың ашылып көрсетілуі Корпорация үшін міндетті болып табылмайды, дегенмен ол 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жылғы қаржылық есептілікте қосымша ақпаратты ашып көрсетеді.

*(мың теңгемен)*

## 2. Есептілікті дайындау негізі (жалғасы)

### Есеп саясатындағы өзгерістер (жалғасы)

*«Пайдаға салынатын салықтар» – «Өткізілмеген шығындарға қатысты кейінге қалдырылған салық активтерін мойындау» 12 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер*

Түзетулер, соған қарсы есептен шығарылатын уақыт айырмасын есепке алуға болатын салық салынатын пайданың болуын бағалау кезінде ұйым соған қарсы мұндай уақыт айырмасын қалпына келтіру кезінде есептен шығаруға болатын салық салынатын пайда көздерін салық заңнамасы шектейтіндігін ескеруі тиіс. Сонымен қатар, түзетулер қай ұйымның келешек салық салынатын пайданы айқындауға тиіс екендігіне қатысты нұсқауларды қамтиды және салық салынатын пайда сомасынла олардың баланстық құнынан асатын ұйымның кейбір активтерінің өтелуін қамти алатын жағдайларды түсіндіреді.

Ұйымдар аталған түзетулерді ретроспективті түрде қолдануы тиіс. Дегенмен түзетулерді алғаш рет қолданған кезде меншікті капиталдың ең ерте салыстырмалы кезеңнің басында өзгеруі өзгерісті бөлінбеген пайда мен кезең басындағы меншікті капиталдың басқа құрамдастарының арасында бөлместен кезең басындағы бөлінбеген пайданың құрамында (немесе тиісінше, меншікті капиталдың басқа құрамдасының құрамында) мойындалуы мүмкін. Егер ұйым мұндай босатуды қолданатын болса, ол бұл фактіні ашып көрсетуі тиіс.

Корпорация бұл түзетулерді ретроспективті түрде қолданды, дегенмен олардың қолданылуы Корпорацияның қаржылық жағдайы мен қызметінің қаржылық нәтижелеріне әсер етпейді.

***ХҚЕС-ті жыл сайынғы жетілдірулер, кезеңі 2014-2016 жылдар***

*«Басқа компанияларға қатысу үлестері туралы ақпаратты ашып көрсету» 12 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер – 12 ХҚЕС (IFRS) ашып көрсетілетін ақпараттың көлеміне талаптарын түсіндіру*

Түзетулер 12 ХҚЕС-тің (IFRS) ақпаратты (B10-B16 тармақтарда көрсетілгендерді қоспағанда) ашып көрсетуге қойылатын талаптары ұйымның еншілес компанияға, бірлескен кәсіпорынға немесе қауымдасқан компанияға қатысу үлесіне (немесе бірлескен кәсіпорынға немесе қауымдасқан компанияға қатысу үлесінің бір бөлігіне) қолданылатындығын түсіндіреді, әрі ол сатуға арналған деп жіктелген немесе сатуға арналған деп жіктелген есептен шығару тобының құрамына қосылған. Корпорация мұндай түзетулерді ретроспективті түрде қолданды. Түзетулер Корпорацияның қаржылық есептілігіне әсерін тигізбейді.

## 3. Маңызды есептік пайымдаулар мен бағалаулар

Есеп саясатын қолдану процесінде Корпорацияның басшылығы жасаған пайымдаулар Корпорацияның 2016 жылғы жылдық қаржылық есептілігінде ашып көрсетілген пайымдауларға сәйкес келеді. Басшылық жаңа бағалаулар мен кәсіби пайымдауларды қолданбады. Корпорацияның 2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы қаржылық есептілігінде сипатталған бағалау мен кәсіби пайымдауларды қолдану нәтижесінде Корпорацияның 2017 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айлық кезеңі үшін активтер, кірістер немесе шығыстар қандай да бір елеулі түзетулерге ұшыраған жоқ.

## 4. Ақша қаражаты мен оның баламалары

Ақша қаражаты мен оның баламаларына келесі позициялар кіреді:

| | *2017 жылдың 30 маусымына (аудит жүргізілмеген)* | *2016 жылдың 31 желтоқсанына* |
|---|---|---|
| Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты | **36.136.211** | 30.072.352 |
| Қолма-қол ақша қаражаты | **129** | 26 |
| **Ақша қаражаты мен оның баламалары** | **36.136.340** | 30.072.378 |

### Ақша қаражаты мен оның баламаларының шоғырлануы

2017 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша ағымдағы шоттарда орналастырылған ақша қаражатына «Банк ЦентрКредит» АҚ-да орналастырылған 14.242.393 мың теңге сомасындағы қаражат немесе ақша қаражаты мен оның баламаларының жалпы сомасының 39%-ы кіреді (2016 жылдың 31 желтоқсанына: 9.674.581 мың теңге немесе «Цеснабанк» АҚ-да орналастырылған ақша қаражаты мен оның баламаларының жалпы сомасының 32%-ы).

*(мың теңгемен)*

## 5. Несиелік ұйымдардағы қаражат

Несиелік ұйымдардағы қаражатқа келесі позициялар кіреді:

| | 2017 жылдың 30 маусымына (аудит жүргізілмеген) | 2016 жылдың 31 желтоқсанына |
|---|---|---|
| Екінші деңгейдегі банктерге берілген қарыздар | 46.084.660 | 26.053.315 |
| Құнсыздану резервін шегере отырып | (1.871.404) | – |
| **Несиелік ұйымдардағы қаражат** | 44.213.256 | 26.053.315 |

2017 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша несиелік ұйымдардағы қаражатқа агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін несиелендіруге «Банк Астаны» АҚ, «Қазақстанның Халық Банкі» АҚ, «Qazaq Banki» АҚ, «Еуразиялық Банк» АҚ, «Цеснабанк» АҚ, «Bank RBK» АҚ, «АТФБанк» АҚ, «Tengri Bank» АҚ, «Нұрбанк» АҚ 2023 жылға дейін өтеу мерзіміне және жылдық 1,0% бастап 12,5% дейін сыйақы мөлшерлемесімен теңгемен берген қарыздар кіреді. 2016 жылғы 31 желтоқсанға несие ұйымдарындағы қаражатқа «Астана Банкі» АҚ, «Bank RBK» АҚ, «Қазақстанның Халық Банкі» АҚ, «Qazaq Banki» АҚ, «Еуразиялық Банк» АҚ, «Цеснабанк» АҚ 2023 жылға дейін өтеу мерзімімен жылдық 8,0% бастап 12,5% ға дейінгі сыйақы мөлшерлемесімен агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін несиелендіруге берген қарыздар жатады.

### Несиелік ұйымдардағы қаражаттың құнсыздану резерві

Төменде несиелік ұйымдардағы қаражаттың құнсыздану резервіндегі өзгерістер келтірілген:

| | 30 маусымда аяқталған алты айлық кезең үшін | |
|---|---|---|
| | 2017 жыл (аудит жүргізілмеген) | 2016 жыл (аудит жүргізілмеген) |
| **1 қаңтарда** | – | (64.323) |
| Бір жылғы (аударым)/азаю | (1.871.404) | 64.323 |
| **30 маусымға** | (1.871.404) | – |

## 6. Клиенттерге берілген несиелер

Клиенттерге берілген несиелер өз қызметін аграрлық секторда жүзеге асыратын қарыз алушыларға берілген несиелермен білдірілген және оған келесі позициялар кіреді:

| | 2017 жылдың 30 маусымына (аудит жүргізілмеген) | 2016 жылдың 31 желтоқсанына |
|---|---|---|
| Заңды тұлғаларға берілген несиелер | 167.074.005 | 119.156.959 |
| Жеке тұлғаларға берілген несиелер | 45.033.002 | 41.650.122 |
| **Клиенттерге берілген несиелер жиыны** | 212.107.007 | 160.807.081 |
| Құнсыздану резервін шегере отырып | (25.223.124) | (25.081.883) |
| **Клиенттерге берілген несиелер** | 186.883.883 | 135.725.198 |

*(мың теңгемен)*

## 6. Клиенттерге берілген несиелер (жалғасы)

**Клиенттерге берілген несиелердің құнсыздану резерві**

Төменде клиенттерге берілген несиелердің құнсыздану резервінің салыстырмасы берілді:

| | 30 маусымда аяқталған алты айлық кезең үшін | |
|---|---|---|
| | 2017 жыл (аудит жүргізілмеген) | 2016 жыл (аудит жүргізілмеген) |
| **1 қаңтарға** | **(25.081.883)** | (19.712.568) |
| Кезеңдегі аударымдар | **(312.739)** | (2.249.014) |
| Есептен шығару | **171.498** | 159.319 |
| **30 маусымға** | **(25.223.124)** | (21.802.263) |
| Жеке негіздегі құнсыздану | **(23.267.447)** | (17.245.822) |
| Жиынтық негіздегі құнсыздану | **(1.955.677)** | (4.556.441) |
| | **(25.223.124)** | (21.802.263) |

**Несиелік тәуекелді азайтатын қамтамасыз ету және басқа құралдар**

Корпорация берілуін талап ететін қамтамасыз етудің мөлшері мен түрі қарсы агенттің несиелік тәуекелді бағалауына тәуелді. Қамтамасыз ету түрлерінің және бағалау өлшемдерінің рұқсат етілуіне қатысты ұстанымдар белгіленген.

Төменде алынған қамтамасыз етудің негізгі түрлері көрсетілген:

- коммерциялық несиелеу кезінде – жылжымайтын мүлік, қорлар мен дебиторлық берешек кепілі, кепілдіктер мен бағалы қағаздар;
- жеке тұлғаларды несиелеу кезінде – тұрғын жылжымалы мүліктің және басқа да активтердің кепілі.

Басшылық қамсыздандырудың нарықтың құнына мониторинг жүргізеді, негізгі келісімге сәйкес қосымша қамсыздандыруды сұратады, сондай-ақ құнсыздану шығындарына резервтің жеткіліктілігін тексеру барысында алынған қамсыздандырудың нарықтық құнын қадағалап отырады.

**Клиенттерге берілген несиелердің шоғырлануы**

2017 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Корпорация 10 (он) ірі қарыз алушыға берген несиелердің шоғырлануы 34.696.224 мың теңге немесе жиынтық несиелік портфельдің 16% болды (2016 жылдың 31 желтоқсанына: 26.120.148 мың теңге немесе жиынтық несиелік портфельдің 16%).

## 7. Өтеуге дейін ұсталатын инвестициялық бағалы қағаздар

2017 жылғы 30 маусымдағы және 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша өтеуге дейін ұсталатын инвестициялық бағалы қағаздар 2017 жылы өтелу мерзімімен 20.970.247 мың теңге және тиісінше 23.306.474 мың теңге баланстық құны бар ҚРҰБ дисконт ноттарымен білдірілген.

*(мың теңгемен)*

## 8. Инвестициялық жылжымайтын мүлік

Төменде инвестициялық жылжымайтын мүліктің баптары бойынша қозғалыс келтірілген:

| | *Ғимараттар* |
|---|---|
| **Бастапқы құн** | |
| **2015 жылдың 31 желтоқсанына** | 426.300 |
| Түсімдер (аудит жүргізілмеген) | – |
| **2016 жылдың 30 маусымына (аудит жүргізілмеген)** | 426.300 |
| **2016 жылдың 31 желтоқсанына** | 426.300 |
| Түсімдер (аудит жүргізілмеген) | – |
| **2017 жылдың 30 маусымына (аудит жүргізілмеген)** | **426.300** |
| **Жинақталған амортизация** | |
| **2015 жылдың 31 желтоқсанына** | (66.727) |
| Есептелген амортизация | (5.471) |
| **2016 жылдың 30 маусымына (аудит жүргізілмеген)** | (72.198) |
| **2016 жылдың 31 желтоқсанына** | (77.669) |
| Есептелген амортизация (аудит жүргізілмеген) | **(5.468)** |
| **2017 жылдың 30 маусымына (аудит жүргізілмеген)** | **(83.137)** |
| **Қалдық құны** | |
| **2016 жылдың 31 желтоқсанына** | 348.631 |
| **2017 жылдың 30 маусымына (аудит жүргізілмеген)** | **343.163** |

*(мың теңгемен)*

## 9. Негізгі құралдар

Төменде негізгі құралдардың баптары бойынша қозғалыс келтірілген:

| | *Жер* | *Компью-терлер мен оргтехника* | *Көлік құралдары* | *Басқасы* | *Жиыны* |
|---|---|---|---|---|---|
| **Бастапқы құн** | | | | | |
| **2015 жылдың 31 желтоқсанына** | 5.397 | 256.437 | 56.548 | 93.467 | 411.849 |
| Түсімдер (аудит жүргізілмеген) | – | 3.017 | – | 5.971 | 8.988 |
| Шығуы (аудит жүргізілмеген) | – | (4.304) | – | (872) | (5.176) |
| **2016 жылдың 30 маусымына (аудит жүргізілмеген)** | 5.397 | 255.150 | 56.548 | 98.566 | 415.661 |
| **2016 жылдың 31 желтоқсанына** | 5.397 | 260.292 | 56.548 | 100.611 | 422.848 |
| Түсімдер (аудит жүргізілмеген) | – | **18.417** | – | **2.247** | **20.664** |
| Шығуы (аудит жүргізілмеген) | – | **(30)** | – | **(47)** | **(77)** |
| Қайта жіктеу (аудит жүргізілмеген) | – | **6.807** | – | **(6.807)** | – |
| **2017 жылдың 30 маусымына (аудит жүргізілмеген)** | **5.397** | **285.486** | **56.548** | **96.004** | **443.435** |
| **Жинақталған амортизация** | | | | | |
| **2015 жылдың 31 желтоқсанына** | – | (99.467) | (21.325) | (46.299) | (167.091) |
| Есептелген амортизация (аудит жүргізілмеген) | – | (20.232) | (2.827) | (4.698) | (27.757) |
| Шығуы (аудит жүргізілмеген) | – | 4.261 | – | 704 | 4.965 |
| **2016 жылдың 30 маусымына (аудит жүргізілмеген)** | – | (115.438) | (24.152) | (50.293) | (189.883) |
| **2016 жылдың 31 желтоқсанына** | – | (133.119) | (26.980) | (54.380) | (214.479) |
| Есептелген амортизация (аудит жүргізілмеген) | – | **(21.738)** | **(8.425)** | **(3.401)** | **(33.564)** |
| Шығуы (аудит жүргізілмеген) | – | **20** | – | **35** | **55** |
| **2017 жылдың 30 маусымына (аудит жүргізілмеген)** | – | **(154.837)** | **(35.405)** | **(57.746)** | **(247.988)** |
| **Қалдық құны** | | | | | |
| **2016 жылдың 31 желтоқсанына** | 5.397 | 127.173 | 29.568 | 46.231 | 208.369 |
| **2017 жылдың 30 маусымына (аудит жүргізілмеген)** | **5.397** | **130.649** | **21.143** | **38.258** | **195.447** |

*(мың теңгемен)*

## 10. Материалдық емес активтер

Төменде материалдық емес активтердің баптары бойынша қозғалыс келтірілген:

| | *Бағдарламалық жасақтама* |
|---|---|
| **Бастапқы құн** | |
| **2015 жылдың 31 желтоқсанына** | 473.078 |
| Түсімдер (аудит жүргізілмеген) | 8.163 |
| Шығуы (аудит жүргізілмеген) | – |
| **2016 жылдың 30 маусымына (аудит жүргізілмеген)** | 481.241 |
| **2016 жылдың 31 желтоқсанына** | 535.653 |
| Түсімдер (аудит жүргізілмеген) | **74.600** |
| **2017 жылдың 30 маусымына (аудит жүргізілмеген)** | **610.253** |
| **Жинақталған амортизация** | |
| **2015 жылдың 31 желтоқсанына** | (297.831) |
| Есептелген амортизация (аудит жүргізілмеген) | (26.199) |
| Шығуы (аудит жүргізілмеген) | – |
| **2016 жылдың 30 маусымына (аудит жүргізілмеген)** | (324.030) |
| **2016 жылдың 31 желтоқсанына** | (341.972) |
| Есептелген амортизация (аудит жүргізілмеген) | **(31.462)** |
| **2017 жылдың 30 маусымына (аудит жүргізілмеген)** | **(373.434)** |
| **Қалдық құны** | |
| **2016 жылдың 31 желтоқсанына** | 193.681 |
| **2017 жылдың 30 маусымына (аудит жүргізілмеген)** | **236.819** |

2017 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айлық кезеңде түскен түсімдерге 45.000 мың теңге сомаға материалдық емес актив кіреді, әрі ол 2017 жылғы 2 мамырда пайдалануға берілуіне орай басқа активтерден ауыстырылды.

## 11. Басқа да активтер

Басқа да несиелерге келесі позициялар кіреді:

| | *2017 жылдың 30 маусымына (аудит жүргізілмеген)* | *2016 жылдың 31 желтоқсанына* |
|---|---|---|
| Сауда дебиторлық берешек | **545.243** | 365.959 |
| Келешек кезеңдердің шығыстары | **78.597** | 63.890 |
| Алынған кепілді қамсыздандыру | **–** | 332.094 |
| Басқа да активтер | **38.812** | 60.834 |
| **Өзге де активтер жиыны** | **662.652** | 822.777 |
| Құнсыздану резервін шегере отырып | **(27.214)** | (27.251) |
| **Басқа да активтер** | **635.438** | 795.526 |

2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша алынған кепілмен қамсыздандыруға несиелерді төлеу бойынша Корпорацияның алдында өз міндеттемелерін орындамаған қарыз алушылардан Корпорация өндіріп алған жылжымайтын мүлік кіреді. 2017 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айлық кезеңнің ішінде Корпорация баланстық құны 206.561 мың теңге (2016 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айлық кезеңде: 299.560 мың теңге) болатын алынған кепіл мүлкін өткізді.

*(мың теңгемен)*

## 12. Акционердің алдындағы берешек

Акционердің алдындағы берешекке келесі позициялар жатады:

| | *Өтеу күні* | *Бір жылғы номиналды пайыздық мөлшерлеме, %* | *Валюта* | *2017 жылдың 30 маусымына (аудит жүргізілмеген)* | *2016 жылдың 31 желтоқсанына* |
|---|---|---|---|---|---|
| № 36 келісім бойынша инвестициялық қарыз | 2023 жылғы 30 желтоқсан | 1,02% | Теңге | **7.979.412** | 8.493.793 |
| № 148 келісім бойынша қарыз | 2019 жылғы 10 желтоқсан | 9,00% | Теңге | **4.124.450** | 4.324.784 |
| № 124 келісім бойынша қарыз | 2023 жылғы 1 қаңтар | 3,00% | Теңге | **348.903** | 399.868 |
| № 148 келісім бойынша қарыз | 2019 жылғы 10 желтоқсан | 1,00% | Теңге | **188.076** | 143.259 |
| Дивидендтер бойынша берешек *(17-ескертпе)* | | | Теңге | **730.258** | – |
| **Акционердің алдындағы берешек** | | | | **13.371.099** | 13.361.704 |

**№ 36 келісім бойынша инвестициялық қарыз**

2017 жылғы 30 маусымдағы және 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Акционердің алдындағы берешекке 2009 жылғы 18 мамырдағы № 36 қарыз туралы үлгі келісім бойынша берешек кіреді. Осы келісімнің шарттарына сәйкес Корпорацияға агроөнеркәсіптік секторда өндірісті құруға, кеңейтуге және түрлендіруге арналған іс-шаралар кешенін іске асыруға инвестициялық қарыз беріледі. Осы келісімнің шеңберінде алынған траншатар бойынша мойындау күніне сыйақының нарықтық мөлшерлемелері жылына 4,5-6,19% құрайды. 2017 жылдың 30 маусымында аяқталған алты айдың ішінде Корпорация № 36 қарыз туралы үлгі келісім бойынша 2.671.077 мың теңге (2016 жылдың 30 маусымында аяқталған алты айда: 700.046 мың теңге) сомасында берешекті өтеді.

**№ 148 келісім бойынша қарыз**

2012 жылғы 10 желтоқсанда Корпорация Акционермен № 148 қарыз туралы үлгі келісімді жасады. Келісім бойынша қарыздың бастапқы сомасы 2.000.000 мың теңге болды. Қарыздың нысаналы мақсаты міндеттемелерді өтеу үшін жеткілікті болатын ағымдағы өтімділік деңгейін қолдау; агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қолдау; негізгі құралдарды жөндеу және түрлендіру әрі заңнамаға сәйкес өзге мақсаттар болып табылады. Корпорация осы келісімнің шеңберінде 2015 жылғы 1 қаңтарға дейін алған транштардың жылдық 1,0% номиналды сыйақы мөлшерлемесі бар.

2015 жылғы 11 ақпанда № 148 қарыз туралы үлгі келісімге № 1 Қосымша келісім жасалды, соған сай 2015 жылғы 1 қаңтардан кейін алынған транштар бойынша номиналды сыйақы мөлшерлемесі жылдық 9,00% болды. № 148 қарыз туралы үлгі келісімнің шеңберінде алынған транштар бойынша мойындау күніне сыйақының нарықтық мөлшерлемесі жылдық 9,63-11,63% құрайды.

2017 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдың ішінде Корпорация 165.000 мың теңге сомада берешекті өтеді (2016 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айлық кезеңде 13.292.269 мың теңге сомасын өтеді және 4.000.000 мың теңге алды).

**№ 124 келісім бойынша қарыз**

2015 жылғы 23 желтоқсанда Корпорация Акционермен № 124 қарыз туралы келісімді жасады. Қарыздың бастапқы сомасы 591.108 мың теңге болды. Осы келісімнің шеңберінде алынған транштар бойынша мойындау күніне сыйақының нарықтық мөлшерлемесі жылына 9,63% құрайды. Қарыз айналым қаражатын толықтыру, негізгі құралдарды сатып алу мақсатында және құрылысқа, сондай ақ жоғарыда аталған мақсаттарға бағытталған берешекті қайта қаржыландыруға арналған қарыжалындыруды алуға орай 2014 жылғы 1 қаңтарға дейін туындаған қарыз алушылардың міндеттемелерін қайта құрылымдауға/қайта қаржыландыруға арналған. 2017 жылдың 30 маусымында аяқталған алты айдың ішінде Корпорация 52.465 мың теңге сомада берешекті өтеді. 2017 жылғы 30 маусымдағы және 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Акционердің алдында берешектің қаржылық шектейтін талаптарды орындау бойынша міндеттемелер болған жоқ.

*(мың теңгемен)*

## 13. Қазақстан Республикасы Үкіметінің алдындағы берешек

2017 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің алдындағы берешекке агроөнеркәсіп кешенінің субъектілерін жылына 0,01% сыйақы мөлшерлемесімен және 2017 жылғы 20 желтоқсанға дейін өтеу мерзімімен көктемгі-егістік және жинау жұмыстарын қаржыландыру арқылы қолдау бойынша іс-шараларды жүргізу үшін 2017 жылғы 22 ақпандағы № 9 ПРЧ 839 келісіміне сәйкес 60.000.000 мың теңге сомаға Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі теңгемен берген қысқа мерзімді қарыз кіреді.

## 14. Мемлекеттік және бюджеттік ұйымдардың алдындағы берешек

Мемлекеттік және бюджеттік ұйымдардың алдындағы берешекке келесі позициялар жатады:

| | *Келісім* | *2017 жылдың 30 маусымына (аудит жүргізілмеген)* | *2016 жылдың 31 желтоқсанына* |
|---|---|---|---|
| **Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы** | | | |
| Қарағанды облысының Әкімдігі | 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 132 | **825.429** | – |
| Оңтүстік Қазақстан облысының Әкімдігі | 2017 жылғы 27 сәуірдегі № 2 | **730.468** | – |
| «Ақтөбе облысының Қаржы басқармасы» ММ | 2017 жылғы 15 мамырдағы № 14 | **528.926** | – |
| Шығыс Қазақстан облысының Әкімдігі | 2017 жылғы 26 мамырдағы № 29 | **464.171** | – |
| Ақмола облысының Әкімдігі | 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 1 | **463.658** | – |
| Қостанай облысының Әкімдігі | 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 1ПЗМП-А/17 | **455.653** | – |
| Жамбыл облысының Әкімдігі | 2017 жылғы 28 сәуірдегі № 1 | **449.549** | – |
| «Қызылорда облысының Ауыл шаруашылығы басқармасы» ММ | 2017 жылғы 25 сәуірдегі № АКК-КФ-1 | **405.613** | – |
| «Солтүстік Қазақстан облысының Қаржы басқармасы» ҚММ | 2017 жылғы 25 сәуірдегі № 221 | **380.039** | – |
| «Батыс Қазақстан облысының Қаржы басқармасы» ММ | 2017 жылғы 2 мамырдағы № 1 | **339.237** | – |
| Павлодар облысының Әкімдігі | 2017 жылғы 16 мамырдағы № 18 | **156.418** | – |
| «Атырау облысының Қаржы басқармасы» ММ | 2017 жылғы 27 сәуірдегі № 40 | **131.754** | – |
| Маңғыстау облысының Әкімдігі | 2017 жылғы 27 сәуірдегі № 2 | **106.678** | – |
| **Жұмыспен қамту 2020 жол картасы** | | | |
| «ОҚО Кәсіпкерлік, индустриалды-инновациялық даму және туризм басқармасы» ММ | 2016 жылғы 18 тамыздағы № 93 | **2.018.093** | 1.896.729 |
| Алматы облысының Әкімдігі / «Кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму басқармасы» ММ | 2016 жылғы 15 тамыздағы № 06-ДКЗ/2016-АКК | **266.547** | 295.623 |
| **Мемлекеттік және бюджеттен тыс ұйымдардың алдындағы берешек** | | **7.722.233** | 2.192.352 |

*(мың теңгемен)*

## 14. Мемлекеттік және бюджеттік ұйымдардың алдындағы берешек (жалғасы)

**Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы**

2017 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айлық кезеңде Корпорация Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы № 919 Қаулысымен бекітілген Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру шеңберінде жергілікті атқарушы органдармен қарыздар туралы он келісімді жасады. Бұл келісімдердің шеңберінде алынған қаражаттың жалпы сомасын 2024 жылғы сәуірде-мамырда өтеу мерзімдерімен және жылдық 0,01% номиналды мөлшерлемелермен 9.740.174 мың теңгені құрады. Мойындау күніне қарыздар бойынша сыйақының нарықтық мөлшерлемесі жылдық 8,9% болды. Қарыздар Бағдарлама шеңберінде бизнес-жобаларды несиелендіру үшін микроқаржы ұйымдарын және несие серіктестіктерін қорландыру мақсатында арналған.

**Жұмыспен қамту 2020 жол картасы**

2016 жылғы тамызда Корпорация Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 5 ақпандағы № 42 Қаулысымен бекітілген 2020 Жол картасын іске асыру шеңберінде «Оңтүстік Қазақстан облысының Кәсіпкерлік, индустриалдық-инновациялық даму және туризм басқармасы» Мемлекеттік мекемесімен және Алматы облысының әкімдігімен қарыздар туралы екі келісімді жасады. Жоғарыда аталған келісімдер бойынша алынған қаражат сомасын 2021 жылғы наурызда-қыркүйекте өтеу мерзімдерімен және жылдық 0,01% номиналды мөлшерлемелермен 3.390.000 мың теңгені құрады. Мойындау күніне қарыздар бойынша сыйақының нарықтық мөлшерлемесі жылдық 13,3% болды. Қарыздар ауылдық өңірде өңірлік кәсіпкерліктің 2016-2017 жылдарға тұрақты әрі теңестірілген өсімін қамтамасыз ету мақсатына, сондай-ақ жұмыс істеп жатқан және Жұмыспен қамту 2020 жол картасының шеңберінде тұрақты жұмыс орындарының құрылуын қолдауға арналған.

## 15. Шығарылған борыштық бағалы қағаздар

Шығарылған борыштық бағалы қағаздарға келесі позициялар кіреді:

| | *Өтеу күні* | *Бір жылғы мөлшерлеме, %* | *Валюта* | *2017 жылдың 30 маусымына (аудит жүргізілмеген)* | *2016 жылдың 31 желтоқсанына* |
|---|---|---|---|---|---|
| Тіркелген кірісі бар облигациялар (1 облигациялық бағдарламаның 3 шығарылымы) | 2021 жылғы 30 желтоқсан | 8,5% | Теңге | **23.827.312** | 23.818.987 |
| Тіркелген кірісі бар облигациялар (2 облигациялық бағдарламаның 2 шығарылымы) | 2022 жылғы 17 желтоқсан | 8,0% | Теңге | **17.785.565** | 17.753.589 |
| Тіркелген кірісі бар облигациялар (1 облигациялық бағдарламаның 2 шығарылымы) | 2023 жылғы 20 ақпан | 8,5% | Теңге | **10.090.475** | 10.076.044 |
| **Шығарылған борыштық бағалы қағаздар** | | | | **51.703.352** | 51.648.620 |

## 16. Басқа да міндеттемелер

Басқа да міндеттемелерге келесі позициялар кіреді:

| | *2017 жылдың 30 маусымына (аудит жүргізілмеген)* | *2016 жылдың 31 желтоқсанына* |
|---|---|---|
| Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің ауыл шаруашылығын қолдауға арналған сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау | **561.722** | 353.077 |
| Кредиторлық берешек | **72.584** | 101.236 |
| Жалақы мен салықтар бойынша жұмыскерлердің берешегі | **51.594** | 85.153 |
| Зейнетақы төлемдері мен әлеуметтік аударымдар бойынша міндеттемелер | **17.223** | 28.492 |
| Басқасы | **8.093** | 54.605 |
| **Басқа да міндеттемелер** | **711.216** | 622.563 |

*(мың теңгемен)*

## 16. Басқа да міндеттемелер (жалғасы)

2017 жылғы 30 маусымдағы және 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Корпорацияның басқа міндеттемелеріне Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінен «Несиелер, сондай-ақ технологиялық жабдық пен ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау» 056 бюджеттік бағдарламаның шеңберінде ауыл шаруашылық жануарларын сатып алу үшін клиенттерге берілген несиелер бойынша сыйақының субсидияланатын бөлігін өтеу үшін алынған сомалар кіреді.

## 17. Капитал

Төменде жарияланған, шығарылған және толығымен төленген жай акциялардың қозғалысы туралы деректер келтірілген:

| | *Жарияланған акциялар саны (дана)* | *Шығарылған акциялардың саны* | *Орналастыру құны* |
|---|---|---|---|
| **2015 жылдың 31 желтоқсанына** | 94.227.371 | 94.227.371 | 94.227.371 |
| Жарғылық капиталды ұлғайту (аудит жүргізілмеген) | 23.150.000 | 15.365.000 | 15.365.000 |
| **2016 жылдың 30 маусымына (аудит жүргізілмеген)** | 117.377.371 | 109.592.371 | 109.592.371 |
| | | | |
| **2016 жылдың 31 желтоқсанына** | 158.630.371 | – | 158.630.371 |
| Жарғылық капиталды ұлғайту (аудит жүргізілмеген) | – | – | – |
| **2017 жылдың 30 маусымына (аудит жүргізілмеген)** | **158.630.371** | **–** | **158.630.371** |

2017 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша жарияланған және төленген жай акциялардың жалпы саны 158.630.371 дана (2016 жылғы 31 желтоқсанға: 158.630.371 акция) болды. Әрбір жай акцияны орналастыру құны 1 мың теңге болды.

2016 жылғы 5 наурызда Корпорацияның Акционері 23.150.000 жай акцияның эмиссиясы тралы шешімді мақұлдады, солардың 15.365.000 жай акциясының ақысын Акционер төледі. Аталған эмиссияны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2016 жылғы 25 наурызда тіркеді.

2017 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айлық кезең ішінде жалғыз Акционердің 2017 жылғы 26 мамырдағы шешіміне сәйкес Корпорация 1.460.516 мың теңге сомасында немесе 2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы бір жай акцияға 9,21 теңге мөлшерінде дивидендтерді жария етті. 2017 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Корпорация 730.258 мың теңге сомасында дивидендтерді төледі.

2016 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айлық кезең ішінде жалғыз Акционердің 2016 жылғы 27 мамырдағы шешіміне сәйкес Корпорация 542.664 мың теңге сомасында немесе бір жай акцияға 5,76 теңге мөлшерінде дивидендтерді жария етті.

Корпорацияның саясатына сай резервтік капитал, келешек шығындарды және басқа да көзделмеген тәуекелдер мен міндеттемелерді қоса алғанда, жалпы тәуекелдер үшін қалыптасады. Резервтік капитал Акционер шешімінің негізінде бөлінуі тиіс.

*(мың теңгемен)*

## 17. Капитал (жалғасы)

Төменде 2017 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айлық кезең үшін қосымша төленген капитал мен резервтердің баптары бойынша қозғалыс көрсетілген:

| | *Қосымша төленген капитал* | *Резервтік капитал* | *Шартты бөлу резерві* |
|---|---|---|---|
| **2016 жылдың 31 желтоқсанына** | 6.831.528 | 1.086.111 | (15.008.072) |
| Кезеңдегі шартты бөлу бойынша резерв (аудит жүргізілмеген) | **–** | **–** | **(1.801.498)** |
| Шартты бөлу бойынша резервті мойындаудан болған салық әсері (аудит жүргізілмеген) | **–** | **–** | **360.299** |
| Акционерден әділ құны бойынша алынған қарыздарды бастапқы мойындаудан түскен кіріс (аудит жүргізілмеген) | **4.268.051** | **–** | **–** |
| Акционерден әділ құны бойынша алынған қарыздарды бастапқы мойындаудан болған салық әсері (аудит жүргізілмеген) | **(853.610)** | **–** | **–** |
| Бөлінбеген пайданың есебінен резервтік капиталды ұлғайту (аудит жүргізілмеген) | **–** | **1.460.516** | **–** |
| **2017 жылдың 30 маусымына (аудит жүргізілмеген)** | **10.245.969** | **2.546.627** | **(16.449.271)** |

Төменде 2016 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айлық кезең үшін қосымша төленген капитал мен резервтердің баптары бойынша қозғалыс көрсетілген:

| | *Қосымша төленген капитал* | *Резервтік капитал* | *Шартты бөлу резерві* |
|---|---|---|---|
| **2015 жылдың 31 желтоқсанына** | 5.291.347 | 1.086.111 | (8.594.957) |
| Кезеңдегі шартты бөлу бойынша резерв (аудит жүргізілмеген) | – | – | (1.810.950) |
| Шартты бөлу бойынша резервті мойындаудан болған салық әсері (аудит жүргізілмеген) | – | – | 362.190 |
| Акционерден әділ құны бойынша алынған қарыздарды бастапқы мойындаудан түскен кіріс (аудит жүргізілмеген) | (21) | – | – |
| Акционерден әділ құны бойынша алынған қарыздарды бастапқы мойындаудан болған салық әсері (аудит жүргізілмеген) | 4 | – | – |
| **2016 жылдың 30 маусымына (аудит жүргізілмеген)** | 5.291.330 | 1.086.111 | (10.043.717) |

### Бір жай акцияның баланстық құны

2017 жылдың 30 маусымына Қазақстанның қор биржасының әдістемесіне сай есептелген бір жай акцияның баланстық құны 986,55 теңгені (2016 жылғы 31 желтоқсанға: 946,72 теңге) құрайды.

| | *2017 жылдың 30 маусымына (аудит жүргізілмеген)* | *2016 жылдың 31 желтоқсанына* |
|---|---|---|
| Активтер | **290.781.518** | 218.368.572 |
| Мыналарды шегере отырып: материалдық емес активтер | **(236.819)** | (193.681) |
| Мыналарды шегере отырып: міндеттемелер | **(134.047.607)** | (67.996.284) |
| **Таза активтер** | **156.497.092** | 150.178.607 |
| **Жай акциялардың саны, дана** | **158.630.371** | 158.630.371 |
| **Бір жай акцияның баланстық құны (теңгемен)** | **986,55** | 946,72 |

*(мың теңгемен)*

## 18. Корпоративтік табыс салығы

Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар келесі позициялардан тұрады:

| | *30 маусымда аяқталған алты айлық кезең үшін* | |
|---|---|---|
| | *2017 жыл (аудит жүргізілмеген)* | *2016 жыл (аудит жүргізілмеген)* |
| Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар | (924.593) | (864.080) |
| Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша (шығыстар)/үнемділік – уақыт айырмаларының туындауы және азаюы | (705.708) | 285.076 |
| Капиталда танылған кейінге қалдырылған салықты шегере отырып (*17-ескертпе*) | 493.311 | (362.194) |
| **Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар** | **(1.136.990)** | (941.198) |

2017 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша активтер 753.579 мың теңгені (2016 жылғы 31 желтоқсанға: 1.459.287 мың теңгені) құрады.

## 19. Қызметкерлер құрамының шығыстары және өзге операциялық шығыстар

Қызметкерлер құрамының шығыстарына, сондай-ақ басқа да операциялық шығыстарға келесі позициялар кіреді:

| | *30 маусымда аяқталған алты айлық кезең үшін* | |
|---|---|---|
| | *2017 жыл (аудит жүргізілмеген)* | *2016 жыл (аудит жүргізілмеген)* |
| Қызметкерлер құрамының шығыстары және басқа да төлемдер | (943.263) | (827.558) |
| Әлеуметтік қамсыздандыру шығыстары | (84.980) | (78.293) |
| **Қызметкерлер құрамының шығыстары** | **(1.028.243)** | (905.851) |
| | | |
| Үй-жайларды ұстау және жалдау | (178.221) | (169.589) |
| Заңгерлік және кеңестемелік қызметтер | (169.916) | (151.496) |
| Тозу және амортизация | (70.494) | (59.427) |
| Іссапар шығыстары | (28.537) | (27.118) |
| Мемлекеттік алым | (26.352) | (7.070) |
| Негізгі құралдарға техникалық қызмет көрсету | (19.557) | (17.828) |
| Маркетинг және жарнама | (18.127) | (37.564) |
| Материалдар, оның ішінде жанар-жағар май материалдары | (16.749) | (18.504) |
| Сақтандыру | (12.995) | (15.174) |
| Байланыс қызметтері | (11.779) | (12.376) |
| Кепіл мүлкін бағалаумен байланысты шығыстар | (9.234) | (13.598) |
| Қызметкерлер құрамын оқыту | (5.349) | (5.092) |
| Қайырымдылық және демеушілік көмегі | (5.091) | (14.698) |
| Банктердің қызметтері | (4.685) | (3.602) |
| Басқа | (38.636) | (92.318) |
| **Басқа да операциялық шығыстар** | **(615.722)** | (645.454) |

## 20. Шарттық және шартты міндеттемелер

### Саяси және экономикалық жағдайлар

Қазақстан Республикасында экономикалық реформалар және нарықтық экономиканың талаптарына жауап беретін құқықтық, салықтық және әкімшілік инфрақұрылымның дамуы жалғасуда. Қазақстандық экономиканың тұрақтылығы көбінесе осы реформалардың барысына, сондай-ақ Үкімет экономика, қаржы және ақша-несие саясаты саласында қолға алатын шаралардың тиімділігіне тәуелді болады.

*(мың теңгемен)*

## 20. Шарттық және шартты міндеттемелер (жалғасы)

### Саяси және экономикалық жағдайлар (жалғасы)

Қазақстандық экономикаға өзінің теріс әсерін шикі мұнайдың төмен бағасы мен теңгенің негізгі шетел валюталарына қатысты айырбастау бағамының волатильділігі тигізуде. Аталған факторлардың жиынтығы капиталдың қолжетімділігінің шектелуіне, капиталдың жоғары құнына, инфляцияның жоғары деңгейіне және одан кейінгі экономикалық өсімге қатысты белгісіздікке әкеп соқтырды, бұл келешекте Корпорацияның қаржылық жағдайына, операциялардың нәтижелеріне және экономикалық перспективаларға теріс әсерін тигізуі мүмкін.

Корпорация басшылығы ағымдағы жағдайларда Корпорацияның экономикалық тұрақтылығын қолдау бойынша лайықты шараларды қолға алып отыр деп санайды.

### Сот талқылаулары

Корпорация нарықта өзінің әдеттегі қызметін жүзеге асыруы барысында заңгерлік шағым-талаптардың көптеген түрлеріне тап болады. Басшылық сот істерінің (ондайлар болған жағдайда) нәтижесінде туындайтын міндеттемелердің түпкі көлемі Корпорацияның қаржылық жағдайына немесе оның одан кейінгі қызметіне айтарлықтай теріс әсерін тигізбейді деп пайымдап отыр.

Басшылықтың қандай да бір елеулі нақты немесе аяқталмай қалған сот істері жайында, сондай-ақ Корпорацияға қарсы берілуі мүмкін әлеуетті шағымдар туралы ақпараты жоқ.

### Шартты салық міндеттемелері

Қазақстан Республикасының салық жүйесі біршама жаңа бола отырып, заңнамалық нормалардың, тіпті анық баяндалмаған және қайшы келетін ресми түсініктемелер мен сот шешімдерінің жиі өзгеріп отыруымен сипатталады, әрі бұл оларды түрлі салық органдарының бір мағынада емес талқылауына жол береді. Салықтарды есептеу дұрыстығына қатысты тексерулермен және тергеулермен ірі айыппұлдар салуға және өсімпұлдарды есептеуге құқығы бар бірнеше реттеуші орган айналысады. Есепті кезеңде салықтардың дұрыс есептелуі кейінгі бес күнтізбелік жылдың ішінде тексерілуі мүмкін. Дегенмен, белгілі бір жағдайларда салық жылы бұдан да ұзақ уақыт кезеңінің ішінде ашық болып қала алады.

Бұл жағдайлар басқа елдердегі ұқсас тәуекелдерді айтарлықтай арттыра отырып, Қазақстан Республикасында салық тәуекелдерін құрады. Басшылықтың пікірінше, салық міндеттемелері басшылықтың Қазақстан Республикасының қолданыстағы салық заңнамасын түсінуіне, нормативтік құжаттардың және сот органдары шешімдерінің ресми түсіндірмелеріне сүйене отырып, осы аралық қысқартылған қаржылық есептілікте толығымен көрсетілген. Алайда, түрлі реттеуші органдардың салық заңнамасын түсіндіруі басшылықтың пікірінен ерекшеленуі мүмкін екендігін назарға ала отырып, реттеуші органдардың тарапынан мәжбүрлі ықпал ету шаралары қолданылған жағдайда олардың осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікке ықпалы елеулі болуы мүмкін.

### Несие сипатындағы міндеттемелер

2017 жылдың 30 маусымына және 2016 жылдың 31 желтоқсанына Корпорацияның шарттық және шартты міндеттемелеріне келесі позициялар кірді:

| | *2017 жылдың 30 маусымына (аудит жүргізілмеген)* | *2016 жылдың 31 желтоқсанына* |
|---|---|---|
| **Несие сипатындағы міндеттемелер** | | |
| Несиелерді беру міндеттемелері | **40.707.737** | 57.184.942 |
| **Операциялық жалдау бойынша міндеттемелер** | | |
| 1 жылға дейін | **16.238** | 9.551 |
| **Шарттық және шартты міндеттемелер** | **40.723.975** | 57.194.493 |

Несие сипатындағы аталған шартты міндеттемелердің көбісі олардың ішінара немесе толық орындалуынсыз тоқтауы мүмкін. Осының салдарынан жоғарыдағы кестеде көрсетілген несие сипатындағы шартты міндеттемелер ақша қаражатының күтілген ағып кетуін білдірмейді. Несиелерді беру бойынша шартты міндеттемелердің көбісі Корпорацияның шартсыз міндеттемелерін білдірмейді.

*(мың теңгемен)*

## 20. Шарттық және шартты міндеттемелер (жалғасы)

**Пайдаланылмаған несие желілері**

Қарыздар бойынша міндеттемелер жөніндегі келісімдерде Корпорацияның ол үшін жағымсыз жағдайлар орын алған жағдайда, сондай-ақ несиелендіру үшін ресурстар болмай қалған жағдайда келісімнен біржақты тәртіппен шығу құқығы көзделген.

## 21. Қаржы құралдарының әділ құны

Корпорация қаржы құралдарының әділ құны туралы ақпаратты анықтау және жариялау үшін бағалау әдістерінің мынадай иерархиялық құрылымын пайдаланады:

- 1-деңгей: сәйкес активтер немесе міндеттемелер бойынша белсенді нарықтардағы баға белгілеулер;
- 2-деңгей: бүкіл бастапқы дерек нарықта байқалатын ақпаратқа тікелей немесе жанама негізделетін есептілікте бейнеленетін әділ құн сомасына елеулі әсер ететін бағалау моделі;
- 3-деңгей: нарықта байқалатын ақпаратқа негізделмейтін есептілікте бейнеленетін әділ құн сомасына елеулі әсер ететін бүкіл бастапқы деректі пайдаланатын бағалау моделі.

Төмендегі кестеде әділ құн көздерінің иерархия деңгейіне қарай қаржы құралдарының талдауы келтірілген:

| | | *Пайдалана отырып әділ құнды бағалау* | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ***2017 жылдың 30 маусымына (аудит жүргізілмеген)*** | ***Бағалау күні*** | ***Белсенді нарықтардағы баға белгілеулер (1-деңгей)*** | ***Айтарлықтай бақыланатын бастапқы деректер (2-деңгей)*** | ***Айтарлықтай бақыланбайтын бастапқы деректер (3-деңгей)*** | ***Жиыны*** |
| **Әділ құны ашылып көрсетілетін активтер** | | | | | |
| Ақша қаражаты мен оның баламалары | 2017 жылғы 30 маусым | 36.136.340 | – | – | 36.136.340 |
| Несиелік ұйымдардағы қаражат | 2017 жылғы 30 маусым | – | 40.469.390 | – | 40.469.390 |
| Клиенттерге берілген несиелер | 2017 жылғы 30 маусым | – | – | 184.915.684 | 184.915.684 |
| Өтеуге дейін ұсталатын бағалы қағаздар | 2017 жылғы 30 маусым | 20.963.999 | – | – | 20.963.999 |
| Басқа да қаржы активтері | 2017 жылғы 30 маусым | – | – | 532.375 | 532.375 |
| **Әділ құны ашылып көрсетілетін қаржылық міндеттемелер** | | | | | |
| Акционердің алдындағы берешек | 2017 жылғы 30 маусым | – | 10.252.175 | – | 10.252.175 |
| Қазақстан Республикасы Үкіметінің алдындағы берешек | 2017 жылғы 30 маусым | – | 60.002.100 | – | 60.002.100 |
| Мемлекеттік және бюджеттік ұйымдардың алдындағы берешек | 2017 жылғы 30 маусым | – | 7.592.217 | – | 7.592.217 |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар | 2017 жылғы 30 маусым | 41.555.963 | – | – | 41.555.963 |
| Басқа да қаржылық міндеттемелер | 2017 жылғы 30 маусым | – | – | 149.494 | 149.494 |

*(мың теңгемен)*

## 21. Қаржы құралдарының әділ құны (жалғасы)

| 2016 жылдың 31 желтоқсанына | Бағалау күні | Пайдалана отырып әділ құнды бағалау: Белсенді нарықтардағы баға белгілеулер (1-деңгей) | Айтарлықтай бақыланатын бастапқы деректер (2-деңгей) | Айтарлықтай бақыланбайтын бастапқы деректер (3-деңгей) | Жиыны |
|---|---|---|---|---|---|
| **Әділ құны ашылып көрсетілетін активтер** | | | | | |
| Ақша қаражаты мен оның баламалары | 2016 жылғы 31 желтоқсан | 30.072.378 | – | – | 30.072.378 |
| Несиелік ұйымдардағы қаражат | 2016 жылғы 31 желтоқсан | – | 20.167.315 | – | 20.167.315 |
| Клиенттерге берілген несиелер | 2016 жылғы 31 желтоқсан | – | – | 116.381.309 | 116.381.309 |
| Өтеуге дейін ұсталатын бағалы қағаздар | 2016 жылғы 31 желтоқсан | 23.306.474 | – | – | 23.306.474 |
| Басқа да қаржы активтері | 2016 жылғы 31 желтоқсан | – | – | 367.458 | 367.458 |
| **Әділ құны ашылып көрсетілетін қаржылық міндеттемелер** | | | | | |
| Акционердің алдындағы берешек | 2016 жылғы 31 желтоқсан | – | 11.061.781 | – | 11.061.781 |
| Мемлекеттік және бюджеттік ұйымдардың алдындағы берешек | 2016 жылғы 31 желтоқсан | – | 2.474.733 | – | 2.474.733 |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар | 2016 жылғы 31 желтоқсан | 52.046.590 | – | – | 52.046.590 |
| Басқа да қаржылық міндеттемелер | 2016 жылғы 31 желтоқсан | – | – | 269.486 | 269.486 |

**Қаржылық жағдай туралы аралық қысқартылған есепте әділ құны бойынша көрсетілмеген қаржы құралдары**

Төменде аралық қысқартылған қаржылық есептілікте көрсетілген Корпорацияның қаржы құралдарының баланстық және әділ құнының салыстыруы көрсетілген. Кестеде қаржылық емес активтер мен қаржылық емес міндеттемелердің әділ құны көрсетілмеген.

| 2017 жылдың 30 маусымына (аудит жүргізілмеген) | Баланстық құн | Әділ құны | Танылмаған кіріс/(шығыс) |
|---|---|---|---|
| **Қаржы активтері** | | | |
| Ақша қаражаты және олардың баламалары | 36.136.340 | 36.136.340 | – |
| Несиелік ұйымдардағы қаражат | 44.213.256 | 40.469.390 | (3.743.866) |
| Клиенттерге берілген несиелер | 186.883.883 | 184.915.684 | (1.968.199) |
| Өтеуге дейін ұсталатын бағалы қағаздар | 20.970.247 | 20.963.999 | (6.248) |
| Басқа да қаржы активтері | 545.243 | 532.375 | (12.868) |
| **Қаржылық міндеттемелер** | | | |
| Акционердің алдындағы берешек | 13.371.099 | 10.252.175 | 3.118.924 |
| Қазақстан Республикасы Үкіметінің алдындағы берешек | 60.002.100 | 60.002.100 | – |
| Мемлекеттік және бюджеттік ұйымдардың алдындағы берешек | 7.722.233 | 7.592.217 | 130.016 |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар | 51.703.352 | 41.555.963 | 10.147.389 |
| Басқа да қаржылық міндеттемелер | 149.494 | 149.494 | – |
| **Іске асырылмаған әділ құндағы танылмаған өзгерістер жиыны** | | | **7.665.149** |

*(мың теңгемен)*

## 21. Қаржы құралдарының әділ құны (жалғасы)

**Қаржылық жағдай туралы аралық қысқартылған есепте әділ құны бойынша көрсетілмеген қаржы құралдары (жалғасы)**

| *2016 жылдың 31 желтоқсанына* | *Баланстық құн* | *Әділ құны* | *Танылмаған кіріс/(шығыс)* |
|---|---|---|---|
| **Қаржы активтері** | | | |
| Ақша қаражаты және олардың баламалары | 30.072.378 | 30.072.378 | – |
| Несиелік ұйымдардағы қаражат | 26.053.315 | 20.167.315 | (5.886.000) |
| Клиенттерге берілген несиелер | 135.725.198 | 116.381.309 | (19.343.889) |
| Өтеуге дейін ұсталатын бағалы қағаздар | 23.306.474 | 23.306.474 | – |
| Басқа да қаржы активтері | 365.959 | 367.458 | 1.499 |
| **Қаржылық міндеттемелер** | | | |
| Акционердің алдындағы берешек | 13.361.704 | 11.061.781 | 2.299.923 |
| Мемлекеттік және бюджеттік ұйымдардың алдындағы берешек | 2.192.352 | 2.474.733 | (282.381) |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар | 51.648.620 | 52.046.590 | (397.970) |
| Басқа да қаржылық міндеттемелер | 269.486 | 269.486 | – |
| **Іске асырылмаған әділ құндағы танылмаған өзгерістер жиыны** | | | (23.608.817) |

Төменде әділ құны бойынша осы аралық қысқартылған қаржылық есептілікте бейнеленбеген қаржы құралдарының әділ құнын анықтау кезінде пайдаланылған әдістемелер мем мүмкіндіктер сипатталды.

*Әділ құны шамамен олардың баланстық құнына тең болатын активтер*

Өтімді болып табылатын немесе өтеу мерзімі қысқа (үш айдан кем) қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер жағдайында, олардың әділ құны шамамен баланстық құнына тең болуы мүмкін. Бұл жорамал талап еткенге дейінгі салымдарға, өтеу мерзімі белгіленбеген жинақ шоттарына да қолданылады.

*Тіркелген мөлшерлемелі және қалқымалы мөлшерлемелі қаржы құралдары*

Биржада баға берілетін борыштық құралдар жағдайында, әділ құн жарияланған нарықтық бағаға негізделген. Баға берілмейтін борыштық құралдар жағдайында, ұқсас несиелік тәуекел мен талаптардағы борыштық құралдар үшін өтеуге дейін қалған уақыт кезеңі ескеріле отырып ағымдағы пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконтталған ақша ағымдарының моделі қолданылады.

## 22. Байланысты тараптармен операциялар

24 ХҚЕС (IAS) *«Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашу»* сәйкес, тараптардың бірінің екіншінің қаржылық және операциялық шешімдеріне елеулі әсер ету немесе бақылау мүмкіндігі бар тараптар байланысты деп саналады. Тараптардың байланыстылығы туралы мәселені шешу кезінде олардың заңды нысаны ғана емес, тараптардың өзара қарым-қатынастарының мазмұны да ескеріледі.

Байланысты тараптар байланыспаған тараптар арасында жүргізілмейтін мәмілелер жасауы мүмкін. Мұндай мәмілелердің бағалары мен талаптары байланыспаған тараптардың арасындағы мәмілелердің бағалары мен талаптарынан ерекшеленуі мүмкін.

Байланысты тараптармен есепті кезең соңындағы операциялар сальдосы, сондай-ақ бір жылғы шығыстар мен кірістердің тиісті сомалары төменде көрсетілген:

| | *2017 жылдың 30 маусымына (аудит жүргізілмеген)* | | | *2016 жылдың 31 желтоқсанына* | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | *Акционер* | *Акционердің жалпы бақылау астындағы компания* | *Мемлекет-пен байла-нысты ұйымдар* | *Акционер* | *Акционердің жалпы бақылау астындағы компания* | *Мемлекет-пен байла-нысты ұйымдар* |
| Алынған қарыздар | **12.640.841** | **–** | **67.724.333** | 13.361.704 | – | 2.192.352 |
| Дивидендтер бойынша берешек | **730.258** | **–** | **–** | – | – | – |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар | **50.885.563** | **797.173** | **–** | 50.830.831 | 797.174 | – |

*(мың теңгемен)*

## 22. Байланысты тараптармен операциялар (жалғасы)

| | 30 маусымда аяқталған алты айлық кезең үшін | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | 2017 жыл (аудит жүргізілмеген) | | | 2016 жыл (аудит жүргізілмеген) | | |
| | Акционер | Жалпы-бақылау астындағы компаниялар Акционерлер | Мемлекет-пен байла-нысты ұйымдар | Акционер | Жалпы бақылау астындағы компаниялар Акционердің | Мемлекет-пен байла-нысты ұйымдар |
| Алынған қарыздар бойынша пайыздық шығыстар | (464.293) | – | (194.628) | (947.542) | – | (98) |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша пайыздық шығыстар | (2.094.700) | – | – | (1.312.071) | – | – |

2017 жылғы 30 маусымдағы және 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Акционерден алынған қарыздардың жылдық 9,6% бастап 16,3% дейін тиімді сыйақы мөлшерлемесі бар.

2017 жылғы 30 желтоқсандағы жағдай бойынша мемлекеттік және бюджеттік ұйымдардан алынған қарыздардың жылдық 8,9% бастап 13,3% дейін (2016 жылғы 31 желтоқсанға: жылдық 13,3%) тиімді сыйақы мөлшерлемесі бар.

### Негізгі басқарушы персоналға төленетін сыйақы

2017 және 2016 жылдардың 30 маусымында аяқталған 6 айда болған негізгі басқарушы персоналы 5 (бес) адамнан тұрды. Негізгі басқарушы персоналға сыйақыға келесі позициялар жатады:

| | 30 маусымда аяқталған алты айлық кезең үшін | |
|---|---|---|
| | 2017 жыл (аудит жүргізілмеген) | 2016 жыл (аудит жүргізілмеген) |
| Жалақы және басқа да төлемдер | 30.390 | 28.018 |
| Әлеуметтік қамсыздандыруға аударымдар | 3.014 | 2.848 |
| **Негізгі басқарушы персоналға төленген сыйақының жиыны** | **33.404** | **30.866** |

## 23. Капитал жеткіліктігі

Корпорация қызметіне тән тәуекелдерден қорғану мақсатында капиталдың жеткіліктілік деңгейін белсенді басқаруды жүзеге асырады. Корпорация капиталының жеткіліктілігі өзге әдістермен қатар Корпорация қызметін қадағалауды жүзеге асыру кезінде ҚРҰБ белгілеген коэффициенттерді қолдана отырып бақыланады.

Корпорация үшін капиталды басқарудың негізгі мақсаты Компанияның капиталға қатысты сыртқы талаптарды сақтауынан және жоғары несиелік рейтинг пен қызметті жүзеге асыру мен акционерлік құнды максималдандыруға қажет капитал жеткіліктілігінің нормативтерін ұстап тұруды қамтамасыз етуден тұрады. 2017 жылғы 31 маусымдағы және 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Корпорация Қазақстан Республикасының заңнамасында капиталға қатысты белгіленген барлық сыртқы талаптарды орындады.

### Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген капиталдың жеткіліктілік коэффициенті

ҚРҰБ банк қызметінің жекелеген түрлерімен айналысатын компаниялардан 1-деңгейдегі капитал жеткіліктігінің коэффициентін (k1) активтердің кем дегенде 6% мөлшерінде; капитал жеткіліктігінің коэффициентін (k1-2) активтердің және тәуекелді ескере отырып алынған шартты әрі ықтимал міндеттемелердің кем дегенде 6% мөлшерінде; және жалпы капитал жеткіліктігінің коэффициентін (k1-3) активтердің және тәуекел мен операциялық тәуекелді ескере отырып алынған шартты әрі ықтимал міндеттемелердің кем дегенде 12% мөлшерінде қолдап тұрын талап етеді.

*(мың теңгемен)*

## 23. Капитал жеткіліктігі (жалғасы)

**Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген капиталдың жеткіліктілік коэффициенті (жалғасы)**

2017 жылғы 30 маусымдағы және 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚРҰБ талаптарына сәйкес есептелген Корпорация капиталының жеткіліктілік коэффициенті былайша болды:

| | *2017 жылдың 30 маусымына (аудит жүргізілмеген)* | *2016 жылдың 31 желтоқсанына* |
|---|---|---|
| Бірінші деңгейдегі капитал | **150.717.955** | 147.334.428 |
| Екінші деңгейдегі капитал | **5.848.897** | 2.921.032 |
| **Капитал жиыны** | **156.566.852** | 150.255.460 |
| | | |
| Тәуекелді ескере отырып алынған активтер | **268.547.067** | 192.931.226 |
| Шартты және ықтимал міндеттемелер | **20.353.869** | 28.592.471 |
| Операциялық тәуекел | **6.413.201** | 6.413.201 |
| | | |
| Капиталдың жеткіліктілік коэффициенті (k1) | **51,8%** | 67,5% |
| Капиталдың жеткіліктілік коэффициенті (k1-2) | **52,2%** | 66,5% |
| Капиталдың жеткіліктілік коэффициенті (k1-3) | **53,0%** | 65,9% |

## 24. Аралық кезең аяқталғаннан кейінгі оқиғалар

2017 жылғы 4 тамызда Корпорация жалпы номиналды құны 5.000.000 мың теңге болатын үшінші облигациялық бағдарламаның 2 шығарылымының облигацияларын орналастырды. Облигацияларды Корпорация Қазақстан Қор Биржасында орналастырды, және негізінен Акционер сатып алды (100,0%).

2017 жылғы 22 тамызда Корпорация Акционерге 2017 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша төленуге жататын 730.258 мың теңге сомада жарияланған дивидендтердің бір бөлігін төледі.